

Сандықтау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № А-2/39 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № А-11/250 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қаңтарда № 5178 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сандықтау ауданы әкімдігінің «2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» 2015 жылғы 24 ақпандағы № А-2/39 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4733 тіркелген, 2015 жылғы 17 сәуірдегі «Сандықтауские вести» газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғарыда аталған қаулының қосымшасы жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

А.Исмағамбетов

С а н д ы қ т а у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғы 7 ж е л т о қ с а н д а ғы
№ А - 1 2 / 2 4 1 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

С а н д ы қ т а у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғы 2 4 а қ п а н д а ғы
№ А - 2 / 3 9 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі білім ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір айға арналған ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Балабақша	120	0	33651	0	33651	0	7500	0
Балалар толық күн болатын шағын орталық	270	0	13523	0	13523	0	5500	0
Балалар жарты күн болатын шағын орталық	242	0	6762	0	6762	0	3000	0